

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 482 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 қазан N 1614

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2000 жылға арналған шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 31 наурыздағы N 482 P000482_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 17, 183-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін: көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік мүлікті жекешелендірудің

және басқарудың тиімділігін арттырудың 1999-2000 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі 2000 жылға арналған шаралар жоспарындағы:

реттік нөмірі 5-жолдағы "Мерзімдері" бағанындағы "2000 жылдың бірінші тоқсаны" деген сөздер "2000 жылдың төртінші тоқсаны" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 6-жолдағы "Шаралар" бағанындағы ",берудің және сатудың" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 7-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мемлекеттік Қаржы 2000 ҚарМ
кәсіпорындар- министрлігі, жылдың бұйрығы
дың қызметіне министрлік- төртінші
талдау жүргізу тер, тоқсаны
ережелерін агенттіктер
әзірлеу және
бекіту";

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 7-1-жолмен толықтырылсын:

"7-1 Мемлекеттік Салалық Мемлекеттік ҚарМ-ге
кәсіпорындар- министр- кәсіпорын- ақпарат
дың қызметіне ліктер, дардың
талдау агенттік- қызметіне
жүргізудің тер, талдау
бекітілген облыстар жүргізу
ережелеріне әкімдері ережелері

сәйкес түскен-
мемлекеттік нен
кәсіпорындар- бастап,
дың қызметіне тоқсанның
талдау жүргізу ішінде ";
реттік нөмірі 9-жол алынып тасталсын;
реттік нөмірі 11-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Жарғылық ҚарМ, 2000 Қаржы
капиталында салалық жылдың министрлі-
мемлекеттің министрлік- төртінші гінің
қатысы бар тер, тоқсаны бұйрығы
мемлекеттік облыстардың,
емес заңды Астана және
тұлғалардың Алматы
қызметі қалаларының
тиімділігінің әкімдері
негізгі
көрсеткіштерін
анықтаудың
ережелерін
әзірлеу және
бекіту ";

реттік нөмірі 12-жолдағы:

"Шаралар" бағаны мынадай редакцияда жазылсын:

"Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне және шаруашылық
серіктестіктеріндегі қатысудың мемлекеттік үлестеріне таза кірістердің
тиісті бөлігіне, мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бөлігіне
дивидендтердің есептелуін және аударылуын бақылауды жүзеге асыру";

реттік нөмірі 13-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Ұлттық Салалық 2000 Үкімет
компанияларды министрлік- жылдың қаулысы
дамытудың тер, ұлттық төртінші
2001-2005 компаниялар, тоқсаны
жылдарға Экономика
арналған министрлігі
жоспарларын
әзірлеу ";

реттік нөмірі 14-жолдағы "Орындаушы" бағаны "ҚарМ Қаржы бақылау
комитеті" деген сөздермен толықтырылсын;

реттік нөмірі 15-жолдағы:

"Шаралар" бағанындағы "2003" деген сан "2002" деген санмен ауыстырылсын;

"Орындаушы" бағанындағы "Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері" деген сөздер алынып тасталсын;

реттік нөмірі 23-жолдағы "Шаралар" бағанындағы "жүзеге асыру" деген сөздер "қамтамасыз ету" деген сөздермен ауыстырылсын;

реттік нөмірі 24-жол алынып тасталсын;

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.